



Қош келдіңіз, жаңа 2026 жыл!



№52 (8204)
25 желтоқсан
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады

www.facebook.com/kenzhyloi
ken_jyloi_gazeti

* Мерекелік лебіз



ҚҰРМЕТТІ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНЫҢ
ТҰРҒЫНДАРЫ!

ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!

Сіздерді жарқын қиып пен жаңашылдыққа толы 2026 жылымен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткенге есеп беріп, болашаққа нық қадам жасайтын, ел бірлігін бекемдеп, игі істерге жетелейтін ерекше кезең. Бұл – жаңа мақсаттар қойылып, тың бастамалар жүзеге асатын уақыт.

Өткен жылы ауданымызда әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталған бірқатар маңызды жобалар іске асырылды. Алдағы уақытта да осы игі істер жалғасын тауып, ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге аса беретініне сенім мол.

2026 жыл әр шаңыраққа құт-береке, мол ырыс пен тағулық әкелсін. Бірлігіміз бекем болып, еңбегіміздің жемісін бірге көрейік. Ел игілігі жолындағы ортақ мақсаттарымыз орындалып, жаңа жетістіктерге жету нәсіп болсын. Жаңа жылда баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жабыс өмірлеріңізге қуаныш пен жақсылық тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен, Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі

* Билік пен бұқара



Көтерілген мәселелер назардан тыс қалмайды

Жұырда облыс әкімі Серік Шәпкенов жұмыс сапары аясында жылыойлықтармен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алдағы жоспарларды талқылады. Кездесу барысында аудан инфрақұрылымының жетілуі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және су тасқынының алдын алу бағыттарында атқарылып жатқан жұмыстар кеңінен баяндалып, алдағы жоспарлар таныстырылды. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер мен ұсыныс-пікірлер тыңдалып, әкімнің жеке қабылдауы өтті. Жиынға облыс әкімнен бөлек аудан әкімі мен аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлім басшылары, сондай-ақ ауыл әкімдері қатысты.

Алдымен ауданның әлеуметтік сапасына тоқталып, оның ішінде білім беру бағытына ерекше көңіл бөлген облыс әкімі Серік Жамбылұлы жиында жылыойлықтарды атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспармен таныстырып:

- Өздеріңізге белгілі, бүгінгі кездесуіміздің басты мақсаты – елді мекендерді дамыту, инфрақұрылымды жақсарту және тұрғындар үшін қолайлы жағдай қалыптастыру бағытында атқарылатын жұмыстарды бірге талқылау, сондай-ақ сіздердің ұсыныс-пікірлеріңізді тыңдау. Көтерілген әрбір мәселе мен айтылған ұсыныс назардан тыс қалмайды, олардың негізінде арнайы жоспар жасақталып, нақты іс-шаралар қабылданып болады. Алдымен ауданымызда жүзеге асырылған және қазір жүргізіліп жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып өтейін. Бүгінде Жылыой мектептеріндегі орын тапшылығын шешу мақсатында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бірқатар маңызды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, Құлсары қаласында 1200 орындық жаңа мек-

теп құрылысы жүзеге асуда. Бүгінгі күні мектептің құрылысы 80%-ға аяқталды, нысан 2026 жылдың 1 тоқсанында пайдалануға беріледі. Одан бөлек мұнда 300 орындық білім-инновациялық мектептің құрылыс жұмыстары басталып, жоспар бойынша 2026 жылы пайдалануға беріледі. Ауылдық жерлерде де білім беру инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Игілік» бағдарламасы аясында Шоқпартоғай ауылында 280 балабақша құрылысын салу жұмыстары басталды. 2026 жылы аталған бағдарлама аясында Майкөмген ауылында жаңа 300 орындық мектеп құрылысы басталады. 2026 жылға қарай аудан бойынша 4 мектепті, атап айтсақ, №1, №7, №9, №22 мектептерді заманауи күрделі жөндеуден өткізі, яғни реновациялау жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңғыртып, оқушыларға сапалы білім беру үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді, - деді сөзін бастап.

➔ 2-БЕТ

Құрметті Жылыой ауданының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңізшевройл» ЖШС-нің көп ұлтты ұжымы атынан сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке жүректерге жарқын үміт пен шабыт сыйлап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Аяқталып жатқан 2025 жыл біз үшін айтулы жетістіктер мен табыстарға толы болды. «Теңізшевройл» компаниясы Келешек кеңею жобасын сәтті әрі қауіпсіз іске қосып, ел экономикасының дамуына және Қазақстанның тұрақты өркендеуіне елеулі үлес қосты. Сонымен қатар компаниямыз өңір тұрғындарының игілігі үшін бірқатар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырды: Жылыой ауданында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеті ашылды, алты арнайы техника табысталды, ал Орталық аудандық аурухана үшін заманауи медициналық жабдық сатып алынды. Сондай-ақ, ТПО Қазақстанның отырып ойнайтын волейбол федерациясына спорттық жабдық пен шағын автобус сыйға тартты, ал Атырау қаласы Жанатап ауылының тұрғындары үшін дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Бұған қоса компаниямыз үкіметтік емес ұйымдардың 20 әлеуметтік жобасын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, осылайша өңірдің әлеуметтік өмірінің жаңа дамуы мен облыс тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға өз үлесін қосты.

Жаңа 2026 жыл бірлескен жобалар үшін жаңа мүмкіндіктер әкеліп, болашаққа деген ортақ сенімімізді нығайтсын! Сіздерге толағай табыс, істеріңізге береке, шаңырақтарыңызға шаттық пен амандық тілейміз. Жаңа жыл құтты болсын!

Уильям ЛАКОБИ,
«Теңізшевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,
«Теңізшевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары

* Қаржы секторы

QAZAQ KÚRESI

коллекциялық монеталары

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Қазақстанның Көдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» монеталар сериясы-нан QAZAQ KÚRESI коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Монеталар 2025 жылғы 17 желтоқсанныан бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

«Қазақ күресі» – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық күресі. Қос қарсылас еп пен төзімділік танытып, өзара күш сынасады. Бұл жекпе-жектің сан ғасырлық тарихы бар. Ол қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі әрі спорттық мұрасы саналады.

Монеталар:

- алтын жалатылған, күміс сынама-сы – 925, массасы 24 грамм, диаметрі 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1 000 теңгелік, дайындау таралымы – 2 000 (екі мың) дана;
- Күмістен дайындалған монета:

- мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 5 000 (бес мың) дана;
- Мельхиордан дайындалған монета:

- нейзильбер (МНЦ 15-20) қоспасынан дайындалған, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, дайындау сапасы – uncirculated, номиналы 200 – теңгелік, таралымы – 50 000 (елу мың) дана.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және қасалық операциялар бөлімі

* Әлеумет

Мүгедектерге көрсетілетін қолдау тетіктері

Қазіргі қолданыстағы Қазаңнамаға сәйкес, еңбек қызметін атқару кезінде жарақат алып, мүгедектігі бар азаматтарға бюджет та-рапынан тікелей әлеуметтік қолдау көрсетілмейді. Мұндай жағдайда барлық материалдық және әлеуметтік міндеттемелер жұмыс беруші мекеменің жауапкершілігінде болады.



«Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығына сәйкес: 7. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 937-бабына (Ерекше бөлім) сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, ОТҚ және кресло-арбалармен жұмыс берушінің қаражаты есебінен АОЖБ-ға сәйкес қамтамасыз етіледі. 8. Жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек, ОТҚ және кресло-арбалар Кодекстің 162-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі - делінген.

Яғни, еңбек кодексі мен әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қызметкерге келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ қажетті оңалту және өтемақы шараларын ұйымдастыруға міндетті. Бұл - еңбек қатынастары аясындағы тікелей жауапкершілік.

Алайда, егер мекеме сот шешімімен банкрот деп танылса немесе өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз екені ресми түрде дәлелденсе, жағдай өзгереді. Мұндай кезде азамат сот шешімі немесе тиісті анықтаманы уәкілетті органдарға тапсырғаннан кейін ғана бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлеріне қол жеткізе алады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

«KUAN TRANS LOGISTICS» ЖШС «Атырау об-лысы, Жылыой ауданы, Шаңырақ вахталық лагерінің солтүстігінде «KUAN TRANS LOGISTICS» ЖШС өндірістік базасының қолданыстағы аумағында өртеу жабдықтарын орнату» «Әсерді бағалау есебі» жобасы бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46.32057457656286, 53.448254611033654.

Тыңдаулар 2026 жылы 3 ақпан сағат 15.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген ауылы, Мәдениет үйінде өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84861576076?pwd=uZi9A1Wvbh7Fn7bZiN0TEZwysU5VPw.1>

Идентификатор: 848 6157 6076

Қатынау коды: 12345678

Құжаттаманы әзірлеушінің деректемелері және байла-ныс деректері: «ATYRAU ECO PROJECT» ЖШС-і, Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, 182 үй. Телефон: 8 747 366 27 71.

Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «KUAN TRANS LOGISTICS» ЖШС, БСН 070140014481, Атырау қаласы, Жолдасқали Досмұхамбетов көшесі, 4А корпусы.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: atyrauecoproject@mail.ru, тел.: 8 747 366 27 71.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77. электрондық пошта мекен-жайы: ekspertizyupr@atyrau.gov.kz. Тел./Факс: 8 (7122) 35-45-59.

Ескертулер мен ұсыныстар Ақпараттық жүйе бойынша қабылданады.

Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: Ақпараттық жүйе, ndbecology.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тенішевқойл» ЖШС «№30 жинау пунктінің құрылысы» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне қатысты қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізеді.

Жобалық құжаттамалар топтамасымен Қоршаған ортаның жағдайы мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және Атырау облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk> сілтемелері арқылы танысуға болады.

Ашық талқылаулар 2026 жылғы 6 қантар мен 13 қантар аралығында Қоршаған ортаның жағдайы мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының сайтында өткізіледі.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері Қоршаған ортаның жағдайы мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының сайтында қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Жобаның бастамашысы: «Тенішевқойл» ЖШС, БСН: 930440000929. Мекен-жайы: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы 3, Тел.: +7 712 227 1212, +7 712 302 6000, факс: +7 712 302 6752.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Qazaqstan engineering» ЖШС, БСН 020840006754, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Аты-рау қаласы, Бейбарыс даңғылы, 40 үй, тел.: +77017673678.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қоғамдық тыңдаулар кезінде қосымша ақпарат алуға және тиісті құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: pm@qengineering.kz және +77017673678.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тенішевқойл» соощает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к прсекту «Стро-ительство пункта сбора №30».

С пакетом прсектной документации можно ознакомиться на сайте Националь-ного банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте Управления природных ресурсов и регулирования при-родопользования акимата Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Срок проведения публичных обсуждений: с 6 января по 13 января 2026 года на платформе Национального банка данных о состоянии окружающей среды.

Все замечания и предложения принимаются в указанный период через сайт На-ционального банка данных о состоянии окружающей среды. По завершении обсуж-дений замечания и предложения приниматься не будут.

Инициатор прсекта: ТОО «Тенішевқойл», БИН: 930440000929. Адрес: 060200, Республика Казахстан, г. Атырау, пр. Сатпаева.3, тел.: +7 712 227 1212, +7 712 302 6000, факс: +7 712 302 6752.

Разработчик прсектной документации: ТОО «Qazaqstan engineering», БИН 020840006754 РК, Атырауская область, г.Атырау, проспект Бейбарыс 40, тел. +77017673678.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить ко-пии прсектных материалов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запро-сить по почте pm@qengineering.kz или по телефону +77017673678

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің но-тариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 25.12.2024 жылы қайтыс болған аз. Бижанова Жумабекның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНТС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел.: 8-701 101 05 91.

Лицензия №КЗ60UBC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

ЖАРНАМА

ТЕЛЕФОНЫ:



8-701 413 95 22

"Кең Жылой" газетінің сайтына, 20 700 оқырманы бар инстаграм парақшасына жарнамалар мен құттықтаулар қабылдаймыз.

Жарнама бөлімі.

